

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 183-IV "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс жасайтын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт салаларының мамандарына отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлемдерді тағайындау, қаржыландыру және төлеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 шілдедегі N 199 -IV шешімі. Исатай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 17 тамызда № 4 -4-166 тіркелді. Күші жойылды - Исатай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 қазандағы № 62-V шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Исатай аудандық мәслихатының 2012.10.08 № 62-V ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28 бабының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 183-IV "Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 183-IV "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс жасайтын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт салаларының мамандарына отын сатып алу үшін бір жолғы ақшалай төлемдерді тағайындау, қаржыландыру және төлеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық шешім мемлекеттік тіркеу тізіміне № 4-4-159 санымен 13 мамырда 2010 жылы тіркелген, аудандық "Нарын таңы" газетінде 2010 жылғы 27 мамырдағы № 22 санында жарияланған) келесі өзгерістермен толықтырулар **е н г і з і л с і н :**

аталған шешімінің атауындағы және мәтініндегі "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс" деген сөздерден кейінгі "жасайтын" сөзі "істейтін мемлекеттік" сөзімен және "мәдениет және спорт" деген сөзден кейінгі " салаларының" сөзі "ұйымдарының" деген сөзбен алмастырылып "алуы" деген

сөздегі "ы" әрпі алынып тасталсын.

2. Аталған шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
XX сессиясының төрайымы: Б. Қайырлиева
Аудандық мәслихат хатшысы: Ж. Қадимов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК